# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 26 (928) 2 шілде 2026 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


ПРЕЗИДЕНТ

## ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ 23 ТАМЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.**

*Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес* ***ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:***

*Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.*

*Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық -техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.*

*Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев**

***Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде № 1338***



## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНДІ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай үндеу жасады.***

«Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады. 15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық», делінген үндеуде.

Осы ретте Мемлекет басшысы бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтетінін айтты. Мұның символдық мәні зор.

«Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі. Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекет – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!» деді Президент.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

## АСТАНА КҮНІМЕН!

***Құрметті солтүстікқазақстандықтар!***

*Баршаңызды Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Бұл мереке – еліміздің қарқынды дамуының, халқымыздың бірлігі мен болашаққа деген нық қадамының жарқын белгісі.*

*«Астана қаласының мәртебесі туралы» қабылданған Заң инвестициялар, инновациялар, білім, мәдениет және халықаралық ынтымақтастықтың күретамыры ретінде елордамыздың одан әрі дамуына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінетінін айғақтайды. Бұл құжат Астананың тәуелсіз Қазақстанның өркендеуінің символы әрі заманауи мегаполис ретіндегі орнын одан әрі бекемдей түседі.*




*Аталған заңның іске асырылуы еліміздің бас қаласының одан әрі өркендеуіне, азаматтардың өмір сүру сапасының артуына тың серпін беретініне сенімдімін.*

*Бүгінде Қазақстан заң үстемдігіне, жауапкершілікке, адал еңбек пен азаматтардың әл-ауқатына негізделген Әділетті мемлекет құру жолында нық қадам жасауда.*

*Елорда – осы құндылықтардың жарқын көрінісі. Ол әртүрлі ұлт пен ұрпақ өкілдерін ортақ мақсатқа, Отанымыздың өсіп-өркендеуіне деген ортақ ұмтылысқа біріктіріп отыр.*

*Солтүстік Қазақстан облысы да еліміздің дамуына лайықты үлес қосуда. Өңір тұрғындары адал еңбегімен, кәсібилігімен және туған жерге деген сүйіспеншілігімен облыстың әрі тұтас республиканың экономикалық әлеуетін нығайтып, өзара түсіністік, бейбітшілік пен келісім дәстүрлерін сақтауда.*

*Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстанның тұрақты дамуына берік негіз қалап, ауқымды реформаларды табысты жүзеге асырып, әрбір азаматтың өмір сүру сапасын одан әрі жақсарта түсетінімізге сенім мол.*

*Осы мерекелі күні баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, отбасыларыңызға амандық, бейбіт өмір, жақсылық, толайым табыс және жарқын болашақ тілеймін!*

*Астана күні құтты болсын! Әсем елордамыздың мерейі үстем, тәуелсіз Қазақстанымыздың абыройы асқақ болсын!*

**Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,**
**Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.**

***Құрметті мағжандықтар!***

*Сіздерді Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Бұл мерекенің қоғамдық-саяси маңызы зор және әрбір қазақстандық үшін шын мәнінде жалпыхалықтық болып табылады.*

*Бүгінде астанамыз - Қазақстандағы барлық оң бастамалар мен өзгерістердің көшбасшысы. Астана дамуға серпін береді, республиканың барлық өңірлері үшін тартылыс орталығы болып табылады.*

*Бас қала - Астананың бейнесінде терең саяси және рухани мән бар. Біздің елордамыз жаңа Конституцияның негізгі құндылықтарын бейнелейді: заң үстемдігі, әлеуметтік әділеттілік және барлық азаматтардың теңдігі. Астананың халықаралық аренадағы бастамалары жаһандық қауіпсіздікті, бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді нығайтудың жарқын үлгісі болып табылады.*

*Біртұтас халықтың ынтымақтастығы, адам құқықтарын қорғау және жасампаз еңбек - бұл қазіргі заманғы Қазақстан құрудағы мызғымас іргетас. Біз, мағжандықтар, осы тарихи өзгерістердің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз!*

*Жыл сайын, ай сайын, күн сайын Астана өзінің келбетін өзгертіп, бүкіл әлем алдында гүлденіп, өсіп келеді.*

*Осы мереке күні елордамызға бақ-береке, әр отбасыға - бейбітшілік, амандық, мықты денсаулық тілеймін!*

*Елордамыз көркейе берсін!*

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**
**Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ



## АЛҒЫС ХАТПЕН МАРАПАТТАЛДЫ

**Петропавлда БАҚ қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік жиында БАҚ өкілдеріне жоғары марапаттар мен пәтер кілттері табысталды.**

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні. Мемлекет пен халық арасында алтын көпір атанған жандардың жұмысы оңай емес. Олар отқа да, суға да түседі. Мұны өз құттықтауында облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов атап өтіп, аймақтың дамуына үлесін қосқан маңдайалды мамандарға табыс тіледі.

«Құрметті журналистер, БАҚ қызметкерлері мен ардагерлері, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Ақпарат саласы – қоғам мен билік арасындағы алтын көпір. Ел тынысы мен заман үнін халыққа жеткізетін маңызды сала. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен азаматтық ұстанымдарыңыз қоғамдағы сенімді нығайтуға үлкен үлес қосып келеді. Журналистің басты миссиясы – ақиқатты айтып, ел мүддесіне қызмет ету. Сондықтан бұл мамандық зор жауапкершілікті талап етеді», - деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада ондаған адам құрметке бөленді. Айтулы жиынның ең есте қалар сәті пәтер кілтін табыстау рәсімі болды. Шарада екі жас БАҚ өкілі Мемлекет басшысы атынан баспанаға ие болды.

Сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданы «Газета «Вести» ЖШС «Вести» газетінің операторы Евгений Тимиргалин Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның Алғыс хатына ие болды.

Алғыс хатта Евгений Тимировичтің БАҚ саласындағы көпжылғы адал еңбегі атап өтіліп, алғыс айтылған.

«Сізге еліміздің ақпараттық саласын дамытуға қосқан елеулі үлесіңіз бен жемісті еңбегіңіз үшін алғыс білдіремін.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық және кәсіби қызметте табыс тілеймін!» - делінген Алғыс хатта.

«Magjan juldyzy» газетінің ұжымы да әріптесімізді жоғары марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейді.

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯҒА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ?

Қазақстан Конституциясына өзгерістер жетінші рет енгізіліп жатыр. Бұған дейін Негізгі заңға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары түзетулер енгізілген еді. Соңғы ең ауқымды конституциялық реформа 2022 жылы жүзеге асты. Сол кезде Конституцияға 56 өзгеріс енгізіліп, олар республикалық референдум арқылы қабылданды. Енді бұл жолы Конституция 84% өзгерді.

**Халық биліктің бірден-бір қайнар көзі**

Конституция жобасының алғашқы баптары өзгеріссіз қалған. Онда Қазақстанның демократиялық, зайырлы және унитарлы мемлекет екені айтылған. Оған қоса биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық екені тағы да нақтыланған. Ешкімнің мемлекеттік билікті өз бетінше иеленуіне жол берілмейді және мұндай әрекет үшін жауапкершілік қарастырылған.

Ал халықтың атынан сөйлеу құқығы президент пен құрылтайға беріледі.

**Жаңа заңдар күшіне қалай енеді?**

Конституция жобасында жаңа заңдардың қалай қолданылатыны нақты көрсетілген.

Атап айтқанда:

- егер заң азаматтарға жаңа міндеттер жүктесе немесе олардың құқық жағдайын нашарлатса, ол кері күшке ие болмайды, яғни заң күшіне енгенге дейін болған оқиғаларға қолданылмайды;
- егер заң жауапкершілікті күшейтсе, оның да кері күші болмайды;
- ал заң бұрынғы құқық бұзушылық үшін жазаны жеңілдетсе немесе мүлде алып тастаса, онда азаматтарға жаңа, жеңілдеу заң қолданылады.

**Халықаралық шарттардың күші**

Қазіргі Конституция бойынша Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттар ұлттық заңнамадан жоғары тұрады. Ал жаңа Конституция жобасында халықаралық шарттардың қолданылу тәртібі Қазақстан заңдарымен реттелетіні көрсетілген. Демек олардың ұлттық заңдардан басымдығына автоматты түрде кепілдік берілмеуі мүмкін.

**Шетелден қаржыландыруға қойылатын талаптар күшейеді**

Қазір Қазақстанда саяси партиялар мен кәсіподақтарды шетелдік мемлекеттердің, ұйымдардың және азаматтардың қаржыландыруына тыйым салынған. Жаңа Конституция жобасында бұл шектеуді кеңейту ұсынылады.

Егер өзгерістер қабылданса, шетелдік компанияларға, шетелдік капиталы бар кәсіпорындарға және азаматтығы жоқ адамдарға да саяси партиялар мен кәсіподақтарды қаржыландыруға тыйым салынады. Сонымен бірге коммерциялық емес ұйымдар шетелден алатын қаражат пен өзге де мүлік туралы ақпаратты ашық жариялап отыруға міндеттеледі.

Бұл талап шетелдік мемлекеттерден, халықаралық ұйымдардан, компаниялардан, азаматтардан және азаматтығы жоқ адамдардан алынған барлық қаржы мен активтерге қатысты болады.

**Дін**

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес, шетелдік діни ұйымдардың қызметі мен олардың басшысын тағайындау тиісті мемлекеттік органдармен келісіліп жүзеге асырылады. Қазіргі норма осы талаппен ғана шектеледі. Ал жаңа Конституция жобасында діннің мемлекеттен бөлінгені жеке көрсетілген. Сонымен қатар барлық діни ұйымдардың қызметі заңмен реттелетіні және қажет болған жағдайда шектелуі мүмкін екені нақтыланған.

**Тіл**

Конституция жобасындағы тілге қатысты норма өзгеріссіз қалған.

Жобаға сәйкес:

- қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесін сақтайды;
- орыс тілі мемлекеттік органдарда ресми түрде қазақ тілімен қатар қолданылады;
- мемлекет Қазақстан халқының барлық тілдерін оқып-үйренуге және дамытуға қолдау көрсетеді.

**Азаматтықтан айыру**

Қолданыстағы заңнама қос азаматтықты мойындамайды.

Ал жаңа Конституция жобасында:

- азаматтықтан бұрынғыдай тек сот шешімі арқылы, террористік қылмыс немесе ұлттық мүдделерге ауыр зиян келтірген жағдайда ғана айыру ұсынылады;
- қос немесе бірнеше азаматтыққа толық тыйым салу көзделген;
- егер Қазақстан азаматы басқа мемлекеттің азаматтығын алса, бұл Қазақстан азаматтығын жоюға негіз болады.

**Адам құқықтары**

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес, адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру өзге адамдардың құқығына, конституциялық құрылысқа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Жаңа Конституцияда бұл норма кеңейтілген. Енді құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру:

- басқа адамдардың құқығын бұзбауы және олардың бостандығын шектемеуі;
- конституциялық құрылыстың негіздеріне қол сұқпауы;
- қоғамдық тәртіпті бұзбауы;
- азаматтардың денсаулығына қауіп төндірмеуі;
- қоғамның имандылық қағидаларын бұзбауға тиіс.

*1 шілдеден бастап жаңа Конституция күшіне енді. Ата заң преамбула (мемлекеттің басты құндылықтары мен мақсаттарын айқындайтын кіріспе), 11 бөлім мен 95 баптан тұрады. Мұнда 77 бап жаңарып, 4 бөлімнің атауы өзгерді. Жаңа Конституция жобасындаеы негізгі өзгерістерді назарларыңызеа ұсынамыз.*




**Банктік салымдардың және хат-хабардың құпиялығы**

Қазіргі Конституцияда банктік салымдардың, хат алмасудың, телефон арқылы сөйлесудің және өзге де жазбаша хабарламалардың құпиялығы заңмен қорғалады. Бұл құқықтарға заңда көзделген жағдайларда ғана шектеу қойылуы мүмкін.

Жаңа Конституция жобасында бұл кепілдік цифрлық технологиялар арқылы жіберілетін хабарламаларға да таралатыны нақтыланған. Сонымен қатар жаңа редакцияда «телеграфтық хабарламалар» туралы норма алып тасталған.

**Ұлтын таңдау құқығы**

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес, әр адам өзінің ұлттық, партиялық немесе діни тиесілігін көрсету-көрсетпеуді өзі шешуге құқылы. Жаңа жобада азаматтардың ұлттық тиесілігін көрсету немесе көрсетпеу құқығы сақталғанымен, партиялық және діни тиесілігіне қатысты норма алып тасталған.

**Сөз бостандығы**

Жаңа Конституция жобасында:

«Сөз бостандығына, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі», – деп көрсетілген.

Сонымен қатар жаңа тармақ енгізілген:

«Сөз бостандығы мен ақпарат тарату басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығына және қоғамның имандылық қағидаларына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс».

Цензураға тыйым салатын норма өзгеріссіз сақталған.

Ал тыйым салынатын насихат түрлерінің тізімі кеңейтілген.

**Неке**

Конституция жобасында отбасы туралы бөлімге некенің кімдер арасында жасалатынын нақтылайтын тармақ енгізілген.

Онда:

«Неке – заңға сәйкес мемлекет тіркейтін, ер мен әйелдің ерікті әрі тең құқықты одағы», – деп жазылған.

Еске салсақ, Қазақстанда биыл ЛГБТ-ны насихаттауға тыйым салатын заң күшіне енеді. Құжатқа қол қойылған және ол осы жылы қолданысқа енгізіледі. Дәстүрлі емес жыныстық бағдардың оң бейнесін қалыптастыруға бағытталған кез келген ақпарат насихат ретінде бағаланады.

**Білім мен медицина тегін бе?**

Жаңа Конституция жобасында медициналық көмек пен орта білім туралы баптардан «тегін» деген сөз алынып тасталған.

Енді бұл нормалар былайша жазылған:

«Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген, өздері ақы төлемейтін медициналық көмекті алуға құқылы».

Ал білім туралы бапта:

«Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында бастауыш және орта білім алуға кепілдік беріледі. Бастауыш және орта білім алу міндетті», – деп көрсетілген.

Бұл өзгерістер қоғамда қызу талқыланған соң Үкімет өкілдері аталған қызметтер ешқашан «тегін» болмағанын түсіндірді. Олардың айтуынша, білім беру мен медициналық қызметтердің шығынын бұрын да мемлекет бюджет есебінен қаржыландырып келген. Бұл салалардың қаржыландырылуын қысқарту жоспарланып отырған жоқ.

Сонымен қатар осы бөлімге жаңа тармақ енгізілген.

Онда: «Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарындағы білім беру және тәрбие жүйесі зайырлы сипатта болады. Бұл талап рухани (діни) білім беру ұйымдарына қолданылмайды», – деп жазылған.

**Табиғатты қорғау**

Қолданыстағы Конституция бойынша мемлекет адамдардың қауіпсіз өмір сүруі үшін табиғатты қорғауға міндетті. Ал жаңа конституцияда бұл міндет азаматтардың өздеріне де жүктеледі.

Жобаға сәйкес:

«Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті», – деп көрсетілген.

**Президент**

Егер Президент өз өкілетін мерзімінен бұрын тоқтатса, жаңа жоба бойынша өкілет:

- алдымен вице-президентке;
- ол қызметті атқара алмаса – құрылтай төрағасына;
- ал ол да атқара алмаған жағдайда премьер-министрге беріледі.

Сонымен қатар құрылтай президенттің өкілет мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап жеті күн ішінде кезектен тыс президент сайлауын тағайындауы тиіс. Ал сайлау екі ай ішінде өткізіледі.

**Вице-президент лауазымы қайта енгізіледі**

Енді жаңа Конституция жобасына сәйкес, вице-президентті президент құрылтайдың келісімімен тағайындайды.

Вице-президенттің негізгі міндеттері:

- Президенттің тапсырмасымен шетелде Қазақстанның атынан өкілдік ету;
- Президенттің атынан құрылтаймен, үкіметпен және өзге мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізу;
- Президенттің тапсырмасы бойынша еліміздегі және шетелдегі қоғамдық, ғылыми және мәдени ұйымдармен байланыс орнату;
- Президент жүктеген өзге де міндеттерді орындау.

Егер құрылтай вице-президенттің кандидатурасын екі рет қатарынан мақұлдамаса, президенттің оны тарату құқығы болады.

Сонымен қатар вице-президент институтының енгізілуі билік өкілетін уақытша беру тәртібіне де өзгеріс енгізеді.

**Бір палаталы парламентке көшу**

2025 жылғы 8 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда бір палаталы парламент құруды ұсынды. Кейін оған «Құрылтай» атауын беретінін айтты. Енді бұл бастама Конституцияда бекітіліп, жаңа заң шығарушы органның қызметі жан-жақты реттелмек.

**Құрылтай туралы негізгі мәліметтер**

Жобаға сәйкес:

- Құрылтай 145 депутаттан тұрады;
- депутаттардың өкілет мерзімі – 5 жыл.

Құрылтай депутаты болу үшін азамат:

- 25 жасқа толуы;
- Қазақстан азаматы болуы;
- соңғы 10 жыл бойы ел аумағында тұрақты тұруы қажет.

Құрылтай депутаттары парламенттің келісімінсіз:

- қамауға алынбайды;
- тұтқындалмайды;
- қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Бұл норма тек қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларға қолданылмайды.

**Депутат қандай жағдайда өкілетінен айырылады?**

Құрылтай депутаты:

- өз еркімен мандатынан бас тартса;
- қайтыс болса;
- сот оны әрекетке қабілетсіз, қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кетті деп таныса, өкілеті тоқтатылады.

Сонымен қатар депутат:

- шетелге тұрақты тұруға көшсе;
- соттың айыптау үкімі заңды күшіне енсе;
- Қазақстан азаматтығынан айырылса;
- сайланған партиясынан шықса немесе одан шығарылса;
- өзі сайланған партия қызметін тоқтатса,

депутаттық мандатынан айырылады.

**Құрылтайдың өкілеті қандай болады?**

Конституция жобасында құрылтай Қазақстанның жоғары өкілді және заң шығарушы органы ретінде айқындалған.

Ол:

- заң қабылдайды;
- мемлекеттік маңызы бар мәселелерді қарайды;
- Президент қарсылық білдірген заңдарды қайта қарайды;
- соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешеді;
- Президент сайлауын тағайындайды;
- республикалық референдум өткізу бастамасын көтере алады.

Оған қоса Құрылтай:

- жоғары мемлекеттік лауазымдарға тағайындауларды келіседі;
- Үкіметтің қызметін есептер мен сенімсіздік вотумы арқылы бақылайды;
- комиссиялар құрады;
- парламенттік тыңдаулар өткізеді;
- республикалық бюджеттің орындалуын қадағалайды.

**Құрылтай төрағасы қалай сайланады?**

Құрылтай төрағасы депутаттардың арасынан жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Кандидатты президент ұсынады. Егер депутаттар ұсынылған үміткерді екі рет қатарынан қолдамаса, президент құрылтайды тарата алады.

**Құрылтайдың заң шығару қызметі**

Заң жобаларын енгізу құқығы:

- Президентке;
- Құрылтай депутаттарына;
- Үкіметке;
- Қазақстан халық кеңесіне беріледі.

Барлық заң жобалары тек Құрылтайда қаралады. Сонымен қатар Президент белгілі бір заң жобаларын басым тәртіппен карауды талап ете алады. Мұндай заң жобалары екі ай ішінде қабылдануы тиіс.

Үкімет адамдардың өміріне, қоғамдық тәртіпке немесе экономикаға қауіп төнген жағдайда шұғыл заң жобаларын енгізе алады. Құрылтай оларды қарап үлгергенге дейін мұндай құжаттар үкіметтің жауапкершілігімен уақытша қолданылады. Қабылданған заңдар Президенттің қол қоюына 10 күн ішінде жіберіледі. Егер Құрылтай заң жобасын қабылдамаса, ол бастама көтерген адамға қайтарылады.

Ал республикалық бюджетке әсер ететін заң жобалары үкіметтің келісімімен ғана қаралады. Бұл талап президент енгізген заң жобаларына қолданылмайды. Егер құрылтай заң жобасын қабылдамаса, премьер-министр үкіметке сенім білдіру мәселесін көтере алады. Егер сенімсіздік вотумы қабылданбаса, заң жобасы автоматты түрде қабылданған болып есептеледі. Алайда Үкімет бұл тетікті жылына екі реттен артық пайдалана алмайды. Жобаға сәйкес, әрбір заң жобасы соңғы қабылдануына дейін кемінде үш оқылымнан өтуі тиіс.

**Құрылтайды тарату тәртібі**

Жаңа Конституция жобасына сәйкес, президент құрылтайды оның төрағасымен және премьер-министрмен кеңескеннен кейін тарата алады.

Құрылтай мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:

- депутаттар парламенттің келісімін қажет ететін лауазымға ұсынылған кандидатураны екі рет қатарынан мақұлдамаса;
- немесе құрылтай төрағасын екі рет қатарынан сайлай алмаса.

Алайда бұл өкілеттікті пайдалануға бірқатар шектеулер енгізіледі.

Президент Құрылтайды:

- төтенше немесе әскери жағдай кезінде;
- Президент өкілеттігінің соңғы алты айында;
- алдыңғы таратудан кейін бір жыл өтпей тұрып тарата алмайды.

**Қазақстан халық кеңесі туралы не белгілі?**

Жаңа Конституция жобасында Қазақстан халық кеңесін құру көзделген. Бұл орган халықтың мүддесін білдіретін жоғары консультативтік институт ретінде жұмыс істейді. Қазақстан халық кеңесі Қазақстан азаматтарынан құралады.

Жобаға сәйкес, оның негізгі міндеттері:

- ішкі саясаттың маңызды бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал ету;
- жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- Құрылтайдың қарауына заң жобаларын енгізу;
- республикалық референдум өткізуді ұсыну.

**Тағы қандай өзгерістер ұсынылады?**

Конституция жобасына сәйкес:

- барлық деңгейдегі соттардың судьяларын президент Жоғары сот кеңесінің ұсынымы бойынша тағайындайды;

Бас прокурордың өкілеттік мерзімі бес жылдан алты жылға дейін ұзартылады.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

# АУДАНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА






**25 маусым күні аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласының тұрғындарымен кездесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша есеп берді.**

Аудан басшысы өз сөзінде мұндай ашық кездесулер Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында өткізіліп келе жатқанын айтты. Ол мұндай тікелей формат артық бюрократиясыз халықты толғандырған өзекті мәселелерді талқылауға, атқарылған жұмыстар туралы есеп беруге және алдағы қадамдарды бірлесе жоспарлауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

- Біз үшін басты бағдар — тұрғындардың әрбір сауалына жедел әрекет ету. Есепті кезеңде ауданда ауқымды жұмыстар атқарылды: бұл — жаңа жолдар, жөндеуден өткен мектептер, заманауи медициналық пункттер және ауылдарымыздағы жаңа жұмыс орындары. Осы жобалардың барлығы — құрғақ есептер емес, жерлестеріміздің өмір сүру сапасын нақты жақсартудың көрінісі.

2026 жылғы қаңтар-мамыр қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы саласында 4,6%-ға, өнеркәсіпте – 5,7%-ға, инвестиция салуда - 8,8%-ға, саудада - 6,6%-ға өсу байқалады. Аудан экономикасына 5,2 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды, өсім өткен жылмен салыстырғанда 8,8% құрады. Негізгі көлем, яғни 91% жеке инвестицияларға тиесілі.

Алдын ала деректер бойынша 297 мың гектар астық егілді, 96,8 мың алқапқа майлы дақылдар егілді.

Шаруашылықтар қазірдің өзінде 34 мың тонна минералды тыңайтқыштар сатып алып, енгізді.

Жыл басынан бері 22 трактор, 3 комбайн және 2 заманауи егіс кешенін қоса алғанда, 3,4 миллиард теңгеге 107 бірлік техника сатып алынды.

Біздің ауданда сүт кешендерін салу бойынша инвестициялық жобалар табысты іске асырылуда.

Мәселен, Советское ауылында 3600 басқа арналған «СК Агро 2050» ЖШС базасында сүт-тауар фермасын салу бойынша ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Ферманың құрылысы аяқталды, 100 басқа арналған «Карусель» сауу қондырғысы іске қосылды. Бүгінгі таңда барлығы 585 голштейн тұқымы әкелінді.

Бәйтерек ауылында «НұрСен Агро» ЖШС сүт-тауар фермасын кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Бұл шаруашылықта бұзау және 2 сиыр қорасының құрылысы аяқталды. Джерси тұқымының 231 басы әкелінді. Шаруашылық өндірісті 1000 сауын сиырға дейін арттырады.

Полудино ауылында да 400 бас сиырға арналған «Полудинское» ЖШС сүт кешені сәтті жұмыс істеп тұр. Мал басының өсуіне байланысты тағы үш мал фермасын салу жоспарлануда; бүгінгі таңда 300 басқа 1 сиыр қорасының құрылысы аяқталды, алдағы уақытта 1000 сауын сиырға дейін көбейту жоспарлануда.

Жастар ауылындағы «Қызылжар МТС Агро» ЖШС сүт-тауар фермасын кеңейту жобасы іске асырылуда. Шаруашылық мал басын 600-ден 1000-ға дейін өсіруді жоспарлап отыр.

Возвышенка ауылында «Альжан Жуан» ЖШС базасында қой фермасын салу жобасы іске асырылуда. Бүгінгі таңда Еділбай тұқымды 530 бас қой әкелінді.

Ноғайбай ауылында «BULAEVO ZHER» ЖШС өзінің және кредиттік қаражаты есебінен цифрландыру элементтері бар 70 басқа арналған «Карусель» заманауи сауу жабдығы бар 2160 сиырға арналған сүт фермасы салынуда.

Осындай инвестициялық жобаларды іске асыру ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды. Жаңа өндірістік объектілерді іске қосу ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін 160-тан астам жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік бермек. Қазіргі заманғы мал шаруашылығы кешендерінің қызметкерлері орташа есеппен 450 мың теңгеге жететін бәсекеге қабілетті жалақы алады, бұл халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға және ауылда білікті кадрларды бекітуге ықпал етеді.

Бүгінгі таңда аудандағы жолдардың 80%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Жалпы, өткен жылы ауданда жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге 25 шақырымнан астам аудандық және кентішілік жолдар жөнделді.

Биылғы жылы біз «Булаево – Молодогвардейское» республикалық трассасының 40 шақырымын ауқымды орташа жөндеуге кірістік. Негізі Возвышенка мен Молодогвардейское ауылдарының аралығы жөнделетін болады.

Жабынды ауыстырудан басқа, жол жиектерін қиыршық таспен нығайту, жол өтпесін (көпірді) жөндеу, Булаев қаласында жаңа автопавильон орнату, сондай-ақ жаңа стелла орнатумен айналма жолды абаттандыру көзделген

Біздің аумағымыздағы екінші маңызды объект — «РФ шекарасы (Петропавлға қарай)» Республикалық маңызы бар трассаны орташа жөндеу. Жобаның жалпы ұзындығы 40 километрді құрайды, оның 18 километрден астамы (18,4 км) біздің аудан бойынша өтеді.

Аудан аумағында жаңа жабынды төсеу жұмыстарының кешені қарастырылған, мұнда ақын Мағжан Жұмабаевқа арналған кітаптар түріндегі 2 жаңа стелла мен шағын сәулет нысаны орнатылады.

Сондай-ақ қазіргі кезде облыстық маңызы бар бірқатар жолдар да жөнделуде.

Осы ретте, жеке басымдық - қалаішілік жолдар. Биыл біз Булаев қаласы мен Медвежка ауылының жол желісін ауқымды жаңартуға кірісеміз. Жобаның жалпы құны 764 миллион теңгені құрайды, биылғы жылы алғашқы 100 миллион теңге бөлінді. Осы жоба аясында Булаев қаласының негізгі көшелеріне орташа жөндеу жүргізіледі: Булаев қаласындағы Целинная, Сәбит Мұқанов, Озерная, Первомайская, Батыр Баян, Комаров, Степная көшелері және Медвежка ауылындағы Школьная көшесі.

Ауданда 2 халықаралық және 7 облыстық автобус маршруттары жұмыс істейді. Сондай-ақ күніне екі рет тұрақты жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын «Петропавл – Есілкөл» бағыты бойынша электрпоезы жүреді.

Бүгінгі таңда бізде 1900 текше метр екі резервуар бар, сонымен қатар біз қаланың солтүстік жағы үшін резервтік резервуар салдық. Сондықтан суды шектеу қаупі жоқ.

«Булаево Су» ЖШС өз жұмысын қалыпқа келтірді. Өткен жылдардағы қарыздар жабылып, ал қазір ол тиімді жұмыс істеуге көшті. Біз жұмысшылардың жалақысын арттырамыз және қалған қаражат қажетті техниканы ассенизаторлық машиналар мен көлденең қысымды бұрғылау жабдықтарын сатып алуға жұмсалады. Бұл бұдан әрі су құбыры желілерін жеткізу бойынша халыққа қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Нефтеплощадка кентінде біз қазандық пен жылу желілерінің жұмысын тұрақтандырдық: оларды жаңғырту жүргізілді, жаңа қазандықтар орнатылды және жаңа оператор анықталды. Бүгінгі таңда жылумен жабдықтау саласында проблемалық мәселелер жоқ, тұрғындар сапалы қызмет алады және тұтынылған жылу энергиясын уақтылы төлейді. Бұл жұмыс жалғасады және тұрақты бақылауда қалады.

Сондай-ақ, қалада Луговая көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйлердегі апатты жылу желілерін жөндеу жоспарланған. Бюджеттік білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет мекемелерінің қазандықтары мен инженерлік жүйелерінің дайындығы аудан әкімі аппаратының ерекше бақылауында тұр.

Булаев қаласында Сәбит Мұқанов, Батыр Баян, Пионерская, Комаров, Юбилейная және Водопроводная көшелерінде ұзындығы 5 шақырымнан астам көше жарығын жаңғырту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілетін болады. Жоба аясында жаңа металл тіректер мен заманауи энергия тиімді шамдарды орнату жоспарлануда. Аталған іс-шараларды іске асыруға 46 млн теңге бөлінді.

Бұдан басқа, Булаев қаласы бойынша аудандық электр желілік компаниясы жалпы ұзындығы 21 шақырым болатын 21 көшеде электр беру желілерін қайта жаңартуды жүргізетін болады, бұл мақсаттарға 300 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

2026 жылдың ағымдағы кезеңінде ауданның 546 тұрғыны жұмысқа орналасуға көмек алды, оның ішінде 375 адам тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа шықты. 110 адам ауыл шаруашылығы саласына жұмысқа қабылданды, 47 адам кәсіпкерлік саласын таңдаған.

Жыл басынан бері біздің ауданға 51 отбасы көшіп келді — бұл 198 адам. Барлық келген отандастар мен қандастарға жаңа жерде тұрғын үй беру мен жедел әлеуметтік бейімдеуде қажетті мемлекеттік көмек көрсетілді. Біз еңбек күші артық өңірлерден азаматтарды және басқа мемлекеттерден қандастарды қабылдауға дайынбыз.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмекті жүзеге асырады, 642 адамға 26,3 млн.теңге, сондай-ақ мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына 367 тұрғынға 3 млн. теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек төленді. Мансап орталығы жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 182 адамды қамтыды, олар уақытша жұмысқа орналасып, кейіннен тұрақты жұмысқа орналасты.

Халықтың цифрлық құзыреттілігін дамыту және заманауи технологиялардың қолжетімділігін арттыру үшін облыс әкімінің тапсырмасы бойынша Булаев қаласында «Мағжан» IT-орталығы ашылды. Орталық күнделікті жұмыс істейді және цифрлық технологиялар, жасанды интеллект және заманауи кәсіптер саласында жаңа мүмкіндіктер ашатын жастар үшін заманауи кеңістік болып табылады. Жалпы IT орталығы барлық жастағы тұрғындар үшін ашық.

Биылғы жылы жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін Жас техниктер үйі өз есігін ашады, онда техникалық бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді: робототехника, картинг, авиамодельдеу және балаларға арналған қолданбалы шығармашылық.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 20-дан астам ауыл талшықты-оптикалық байланыс желілеріне қосылады, бұл 3 мыңға жуық тұрғынды Интернет желісіне тұрақты және жоғары жылдамдықты қолжетімділікпен қамтамасыз етеді.

Ауданда 39 мектеп жұмыс істейді, онда 3,2 мыңнан астам бала оқиды. Ағымдағы жылы біздің мектептерді 188 он бірінші сынып оқушылары мен 317 тоғызыншы сынып түлектері бітірді. Мұндай нәтижелерді ерекше атап өткім келеді: 5 түлек «Алтын белгі» белгісіне ие болса, 34 оқушы Үздік аттестатқа қол жеткізді. Қазір 10 шілдеге дейін жалғасатын бірыңғай ұлттық тестілеу жүріп жатыр. Қазіргі уақытта ауданда ең жоғары нәтиже № 2 Булаев мектебінің түлегі Мурзина Ульяна жетіп отыр, ол - 117 балл жинады.

Қазір Булаев мектеп-бөбекжай кешенінде 48 миллион теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Бұдан басқа, 66 миллион теңгеден астам сомаға Жас техниктердің үйін күрделі жөндеу жалғасуда, онда ғимаратты толық жаңарту және аумақты абаттандыру жүргізілуде.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Президент пен Үкіметтің қолдауының арқасында ауданымыздың медициналық картасы сапалы жаңартылды. Бүгінде Қарақоға және Возвышенка ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулаториялар, Советское және Чистовское ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттер, сондай-ақ Таманское, Бәйтерек және Надежка ауылдарында үш медициналық пункт табысты жұмыс істеуде.

Бизнеспен меморандумдар аясында «Рика KZ» ЖШС Ұзынкөл ауылында жаңа медициналық пункттің құрылысын аяқтауда. Сондай-ақ Ағымдағы жылы ЖШС және шаруа қожалықтары басшыларының қаражаты есебінен 10 ауылдық округ үшін бірден 10 санитарлық көлік сатып алынады.

Ағымдағы жылы жаңа қалалық скверді (экопарк) жайластыру басталды. Жобада балалар ойын алаңдарын, воркаут-аймақтарды, демалыс аймақтарын, велojолдар мен беседкаларды құру көзделген. Сондай-ақ, ағаш отырғызумен ауқымды көгалдандыру жүргізіледі. Бұл орын тұрғындар үшін тартымдылық орталығы және серуендеу мен спортпен шұғылданудың сүйікті орны болады.

2025 жылы қалада халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 7 екі пәтерлі үй салынды, ағымдағы жылы халықтың әлеуметтік осал топтары санаты үшін тағы 4 екі пәтерлі үй салу жоспарлануда. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, Булаев қаласында балабақша салуға сараптаманың оң қорытындысы алынды. Құрылыс ақша бөлінгеннен кейін басталады. Сондай-ақ, 45 пәтерлі тұрғын үй мен үлкен дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

Колледж жанындағы спорт залы құрылысының жобасы қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс басқармасына берілді, құрылыс ақшалай қаражат бөлінгеннен кейін басталады.

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын салуға 848 млн теңгеге бюджеттік өтінім жолданды.

Ағымдағы жылы орталық алаңда ауданымыздың құрметті азаматтарының тақтасы орнатылады. Сондай-ақ, интернационалист-жауынгерлерге, саяси қуғын-сүргін құрбандарына, Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюшыларға, сондай-ақ Семей полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккендерге арналған «Тағзым» жаңа мемориалдық кешені орнатылады.

Булаево қаласында 137 бейнебақылау камерасы және 3 жылдамдық өлшегіш орнатылған, сондай-ақ жедел басқару орталығы (ЖБО) ашылды. Аталған іс-шаралар апаттылықты азайтуға және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Есепті кезеңде жүргізілген жұмыстың қорытындысы осындай болды Жалпы, айтарлықтай жұмыс атқарылды, бірақ сонымен бірге біздің аудан халқының тұрмыс деңгейінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бірқатар мәселелерді шешуге тура келеді. Атқарушы биліктің, депутаттық корпустың, бизнес-қоғамдастықтың және барлық бей-жай қарамайтын тұрғындардың бірлескен күш-жігерімен біз қойылған барлық міндеттерді орындайтынымызға сенімдімін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Содан кейін Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов баяндама жасап, қаланың дамуы туралы есеп берді.

Кездесу соңында қалалықтар аудан әкіміне толғандырған сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Мәселен, тұрғындар жолдарды жөндеу, қосымша қоқыс жәшіктерін орнату, балалар ойын алаңдарын салу, жылдамдық режимін сақтау, қоғамда қауіпсіздік пен тәртіпті нығайту сияқты сұрақтарды көтерді.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

ӨНЕР МЕРЕКЕСІ

# «Мағжан рухы - мәңгілік»




















*Бүгін аудандық Мәдениет үйінде жыр пайғамбары, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, артына өшпес мұра қалдырған алты Алаштың ардақтысы Мағжан Жұмабаевтың құрметіне арналған «Мағжан рухы - мәңгілік» атты өнер мерекесі өтті. Рухани азық алған тамаша концертке аудан әкімі Рахат Смағұлов бастамашы болып, мағжандықтар естен кетпес әсер алды.*

Ән мен күйге, сөз бен биге толы өнер мерекесіне Қызылжар қаласынан Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, белгілі қаламгер, журналист Жарасбай Сүлейменов, ақын, сазгер, өлкетанушы Дәстен Баймұқанов, МТРА директоры, Қазақстан жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Ерлан Тоқшылық, кәсіпкер, руханият жанашыры Жомарт Омаров, Ерік Асқаров атындағы жас ақындар мектебінің директоры, халықаралық және республикалық айтыстардың жүлдегері, айтыскер ақын Жарқын Жұпархан арнайы келіп, ақын рухына арналған іс-шараның құрметті қонағы атанды.

Алдымен меймандар Мағжанның туған жері – Сасықкөлдің жағасына барып, ақын рухына тағзым етті. Содан кейін Сарытомар ауылындағы ақын музейіне ат басын тіреп, тарихи жәдігерлерді тамашалады.

Аудан орталығында өткен іс-шара ұлттық аспап жасайтын қолөнерші, ұстаз Қанат Исековтың және Возвышенка орта мектебінің мұғалімі, суретші Әсемгүл Мұқашеваның туындыларымен танысудан басталды. Көрмені тамашалаған мағжандықтар мен меймандар қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан аспаптар мен бұйымдар жоғары баға беріп, істеріне сәттілік тіледі.

Рухани кеште халқымыздың төл өнерінің алтын арқауы ақындар айтысы мен Мағжан жырларынан қуат алған сырлы әндер шырқалды.

Концерттің шымылдығы Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры әртістерінің орындауындағы көрнекті жазушы Дулат Исабековтың «Өйтпесе, Мағжан бола ма?» атты драмасынан үзінді көрсетумен басталды. Мағжан бейнесін Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрының көркемдік жетекшісі ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Дәурен Тойбазаров сомдаса, Зылиха рөлінде танымал актриса, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Мақпал Серкебаева ойнады.

Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаевтың «Ақ сұңқар» әнін және «Қарайкөзім» халық әнін тамылжыта орындаған республикалық және халықаралық әншілер байқауының лауреаты, дәстүрлі әнші Еркебұлан Қарыпов, жергілікті жұртшылықтың зор қошеметіне бөленді.

Қазақтың қара өлеңін қасиет тұтқан, сөз өнерінің саңлақтары бас қосқан ақындар айтысын асыға күткен халық алдымен республикалық және халықаралық ақындар айтыстарының жүлдегері Диас Аяған мен Берденбек Мырзаттың өнеріне тәнті болды.

Содан кейін сахнада республикалық және облыстық ақындар айтыстарының жүлдегерлері Жұмабек Рақимов мен Хабдолла Бейісхан әдемі айтысып, ақын рухын асқақтатты. Орақ тілді ақындар әзіл-қалжынды да ұмытпай, көрермендерді күлкіге көмді.

Мазмұнды шарада көркемдік жетекшісі Ақерке Мусалимова бастаған «Тұмар» би ансамблі өнер көрсетіп, дарынды әнші Еркежан Мұратхан Мағжан Жұмабаевтың «Сен сұлу», «Қызылжарым» әндерін орындады.

Күй – халықтың рухы мен тарихының үні, ал домбыра - қазақ халқының жан серігі. Өнерді өміріне өзек еткен, қазақ күй өнерінің мәртебесін асқақтатқан хас шеберлер Марат Гайнуллин мен Асхат Ғалеевтің орындауындағы қос ішектен төгілген күй тартысы халықтың көңілінен шығып, күйшілердің өнеріне жұрт таңдай қақты.

Ал атақты «Маями» тобы «Атамекен» әнін орындап, жиналғандарға патриоттық рух сыйлады.

Кеш соңында барлық өнерпаздарға аудан басшылығы атынан алғыс білдіріліп, ықылас гүлі сыйланды.

Сахна төріне көтеріліп, шынайы алғысын білдірген Рахат Смағұлов өз сөзінде ақиық ақынды құрметтеу – баршамызға ортақ парыз екенін тілге тиек етті.

Сондай-ақ Рахат Смағұлов құрметті қонақ атанған Жарасбай Сүлейменов пен Дәстен Баймұқановқа шапан кигізіп, «Біздің Мағжан» атты жеті тілде жазылған кітапты сыйға тартты.

Мағжандықтар жүректерге рух, көңілдерге шуақ сыйлаған салтанатты кешке риза болып, рухани азық алып үйлеріне тарасты.

Күллі түркі әлемі мойындаған жыр пайғамбары Мағжан ақынның «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді...», - деген сөзі бүгінде ақиқатқа айналды. Өйткені, ақын мол мұрасы – ұлттың мәңгілік қазынасы, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын асыл аманат.

Мағжан – өткеннің ғана емес, болашақтың да шамшырағы, жігердің үні, оның сөзі – ұлттың намысы!

Мағжан сенім артқан жас ұрпақ бүгінде Алаштың арыстарының асыл мұратын жалғастырып келеді. Оның жалынды жырлары болашаққа бастайды.

Ендеше, жыр болып туған Мағжанның рухы асқақтай берсін! Алаштың ардағына деген құрмет мәңгі жасай берсін!

Қазақ руханиятының шамшырағы болған ұлы ақынның өнегесі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін!

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**



АУДАНДЫҚ БАЙҚАУ

# «МӘҢГІЛІК ЖЫРДЫҢ МҰРАСЫ»: МАҒЖАН РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЖЫР БӘЙГЕСІ

**Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының орталық кітапханасында қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, педагогі және қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 133 жыл толуына арналған «Мәңгілік жырдың мұрасы» атты аудандық мәнерлеп оқу байқауы өтті.**




Байқаудың басты мақсаты – Мағжан Жұмабаевтың мол әдеби мұрасын кеңінен насихаттау, жас ұрпақ арасында кітап оқу мәдениетін дамыту, туған тіл мен ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыру, сондай-ақ көркемсөз оқу өнерін қолдау.

Іс-шараның ашылуында жүргізушілер Мағжандай ұлы тұлғаның туған өлкесінде өмір сүріп жатқан аудан тұрғындары үшін бұл үлкен мақтаныш екенін атап өтті. Ақынның терең мазмұнды, отансүйгіштікке үндейтін шығармалары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, оқырман қауымға рухани азық болып келеді.

Қатысушылардың өнерін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» КММ директоры Сандуғаш Оразалықызы Бекішева төрағалық еткен білікті қазылар алқасы бағалады. Қазылар құрамында саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған ардагер ұстаз Жәмила Садуқызы Досова, «Добро в село» қайырымдылық қорының директоры Әсемгүл Елубайқызы Беккожина, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Медет Қайроллаұлы Бекішев және орталықтандырылған кітапханалық жүйесінің әдіскері Ольга Дмитриевна Жигаева болды.

Байқауға ауданның түкпір-түкпірінен жиналған поэзия сүйер қауым қатысты. Әр қатысушы Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын мәнерлеп оқып, ақын поэзиясының көркемдігін, терең ойын, ұлттық рухын және сыршыл сезімін шебер жеткізуге тырысты. Қатысушылардың шынайы орындауы мен сахналық мәдениеті көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Байқау қорытындысы бойынша үздік өнер көрсеткен Диана Сатыбекқызы Елубаева «Сағындым» өлеңімен 1 орынды жеңіп алды, Мәдина Ерболқызы Мұхамедқалиева «Сестре Газизе» өлеңімен 2 орынға ие болды, «Желание» өлеңімен Бледных Вера Павловна 3 орыннан көрінді.

Барлық қатысушылар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Дегенмен, бұл шараның ең үлкен жетістігі – Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы арқылы әр буын өкілдерінің басын қосып, ұлттық әдебиетіміздің мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдей алғандығында.

«Мәңгілік жырдың мұрасы» аудандық мәнерлеп оқу байқауы поэзия мерекесіне айналып, Мағжан Жұмабаевтың өлмес мұрасы ұлт руханиятының темірқазығы болып қала беретінін тағы бір мәрте айқын көрсетті. Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, ана тіліне, әдебиетке және туған елдің тарихына деген құрметін нығайтуға зор ықпал етеді.

**Сандуғаш БЕКІШЕВА,**
**орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры.**

«ҚЫЗЫЛЖАР - 2026» ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА

# ЖАРЫС НӘТИЖЕСІ: 1 АЛТЫН, 1 КҮМІС

***23–27 маусым аралығында Есіл ауданының Явленка ауылында XXX облыстық халықтық спорт ойындары аясында ұлттық спорт түрлерінен «Қызылжар – 2026» облыстық спартакиадасы болып өтті.***

Аталған жарыста Мағжан Жұмабаев ауданының намысын 50-ден астам спортшы қорғап, ұлттық спорттың 10 түрінен сынға түсті. Атап айтқанда: көкпар, теңге ілу, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, аударыспақ, бес асық, асық ату, садақ ату және бәйге.

Жалпыкомандалық есепте 13 ауданның ішінде Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы 8-ші орынды иеленді.

Жарыста ерекше көзге түскен спортшыларымызды атап өтсек, Жақсылық Ердәулет - садақ атудан жеңімпаз атанып, аудан тарихында осы спорт түрінен облыстық спартакиадада алғашқы алтын медальды жеңіп алды.

Майлашев Сағынтай - қазақ күресінен 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде күміс медальды иеленді.

Барлық спортшыларымыз бен жаттықтырушыларымызды лайықты нәтижелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Алдағы уақытта толағай табыс, жаңа жетістіктер мен жарқын жеңістер тілейміз!

**Қанат МҰСАТАЕВ,**
**дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.**












# 2026 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Қабылдау күндері және уақыты | Мем. органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ | **Смағұлов Рахат Назымбекұлы** | Аудан әкімі | **Сейсенбі, апта сайын, сағат 10-00-ден 13-00-ге дейін** | Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 56 | 2-14-03 |
| | **Бос орын** | Аудан әкімінің экономика және шұғыл мәселелері жөніндегі орынбасары | **Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін** | | 2-14-03 |
| | **Қазисов Абай Серікұлы** | Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары | **Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін** | | 2-14-03 |
| | **Бос орын** | Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары | **Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін** | | 2-14-03 |
| | **Қожахметов Жаслан Әсетұлы** | Аудан әкімі аппаратының басшысы | **Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін** | | 2-14-03 |

# МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН БАСШЫЛАРЫ МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Айзада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдау жүргізеді, мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56. Тел: 8(71531) 2-16-03.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры Әбілмәжінов Төлеген Әлжанұлы дүйсенбі сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін, сәрсенбі сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін Булаев қаласы, Береговая көшесі, 23, 1 кабинет, 2 қабат, тел: 2-12-02.

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат бөлімінің басшысы - Нұрқайдарова Сәуле Еркінқызы әр бейсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56. Тел. 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы - Сұрағанова Динара Жасланқызы әр дүйсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 45, тел. 2-20-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел. 2-81-46.

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Мәулітұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

Мағжан Жұмабаев ауданы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлім басшысы - Сәдуақасов Руслан Қасымжанұлы апта сайын жұма күні сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, 2-07-77.

Мағжан Жұмабаев ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы - Қыраубаев Асхат Жаңбырбайұлы апта сайын дүйсенбі күні сағат 14.30-дан 18.30-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-04-94.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел. 2-00-25.

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ге дейін, басшының орынбасары - Тищенко Наталья Юрьевна апта сайын бейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24. тел. 2-19-56, 2-17-97.

Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы - Мұсатаев Қанат Мерекеұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, «Қаржы және экономиканы бөлімі» КММ ғимараты. тел. 2-12-01.

Мағжан Жұмабаев ауданы кәсіпкерлік бөлімінің басшысы - Әлжанов Әділжан Әсетұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31. тел. 2-07-55.

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі - Бірімжанов Азамат Тоқышұлы айдың әр аптасының сәрсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, тел. 2-14-46, 2-14-07.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел. 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімі - Исмағамбетова Гүлмира Бейсембайқызы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бәйтерек ауылы. тел. 2-75-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі - Бейсебаева Сарагүл Сәрсенқұлқызы әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Успенка ауылы, тел. 2-51-21.

Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі - Омарова Шырайлым Рысбайқызы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Лебяжье ауылы, тел. 5-23-39.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі - Исабаев Дамир Қуандықұлы апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Надежка ауылы. тел. 5-40-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское ауылы, тел. 3-66-12.

Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкімі - Қалиев Мәдениет Мәкенұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полудино ауылы, тел. 2-65-73.

Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі - Байбекова Марина Махмудовна апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Чистовское ауылы, тел. 2-45-35.

Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі - Соколов Виктор Васильевич апта сайын бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Возвышенка ауылы, тел. 3-12-62.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі - Жағыпаров Жаслан Қайроллаұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Молодогвардейское ауылы, тел. 3-36-31.

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі - Конюшевский Александр Андреевич әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полтавка ауылы, тел. 2-71-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің әкімі - Ботабекова Баян Жайдарханқызы әр аптаның сәйсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Жастар ауылы, тел. 2-35-29.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел. 3-57-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Кенжеболатов Ермек Сәлімжанұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел. 2-63-36..

Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің әкімі - Табулдинов Марат Камелұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Конюхов ауылы, тел. 5-34-32.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел. 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі - Поляков Александр Юрьевич әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Таманское ауылы, тел. 5-28-90.

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» КММ - **8(71531) 2-19-96.**

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалы - **8(71531) 2-12-02.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ - **8(71531) 2-20-90.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - **8(71531) 2-20-33.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - **8(71531) 2-81-49.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ - **8(71531) 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ - **8(71531) 2-07-77.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ - **8(71531) 2-04-94.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ - **8(71531) 2-09-47.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ - **8(71531) 2-19-56.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ - **8(71531) 2-12-01.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіпкерлік бөлімі» КММ - **8(71531) 2-80-78.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-14-46.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-44-49.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-75-33.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-51-21.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 5-23-39.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 5-40-36.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-66-12.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-65-73.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-45-35.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-12-62.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Молодо-гвардейское ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-36-31.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-71-33.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-35-29.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-57-33.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-63-36.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 5-34-32.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 5-26-16.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 5-28-90.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!




МАМАН КЕҢЕСІ

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ: АДАМ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

**Үй жануарларын асырау – азаматтардың құқығы ғана емес, сонымен қатар олардың өмірі, саулығы және амандығы үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуды білдіреді. Жануарларға жауапкершілікпен қарау қоғамдық қауіпсіздікті, санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылықты қамтамасыз етуге және қоршаған ортаға ізгі көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.**



Үй жануарларының иелері оларды тиісті жағдайда ұстауға, толыққанды азықпен, үнемі таза ауыз сумен қамтамасыз етуге, уақтылы ветеринариялық қызмет көрсетуге, профилактикалық ветеринариялық іс-шаралар (вакцина егу, дегельминтизация, паразиттерге қарсы ем-дом жасау) жүргізуге, қажет болған жағдайда дер кезінде емдетуге міндетті.

Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнама талаптарын сақтауға, оның ішінде есепке алу ақпараттық жүйесінде үй жануарларын міндетті түрде тіркеуге, вакцина егуге және жануарлардың бақылаусыз көбеюіне жол бермеу шараларын қолдануға ерекше көңіл бөлген жөн.

Иелері иттерін серуендету кезінде айналадағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қарғыбаумен жетектеп жүруге, ал жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамада көзделген жағдайларда тұмылдырық кигізуге, сондай-ақ жануарлардың өз бетімен қараусыз жүруіне жол бермеуге міндетті.

Жануарлардың өз бетінше жүруіне жол бермеу – жол-көлік оқиғаларының, жануарлардың адамдарға шабуыл жасауының және қаңғыбас жануарлар санының көбеюінің алдын алудағы маңызды шаралардың бірі.

Жануарларға қатыгездік көрсетуге, оларды асырауға қатысты міндеттерді орындаудан жалтаруға, сондай-ақ иесіз қалдыруға немесе көшеге тастауға жол берілмейді. Мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, қаңғыбас жануарлар санының көбеюіне себеп болады және заңнамада көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Әрбір азамат үй жануарын асырап алмас бұрын, оны өмір бойы тиісті жағдайда ұстауға жеткілікті материалдық және уақыт мүмкіндіктерін шынайы бағалауы тиіс.

Үй жануарларына жауапкершілікпен қарау – қоғам мәдениетінің көрсеткіші. Ол азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жануарлар мен қоршаған ортаға ізгі қарым-қатынасты қалыптастыруға, сондай-ақ өскелең ұрпақтың жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге ықпал етеді.

**Мадина ТҮГІМБАЕВА,**
**«СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар бөлімінің бас маманы.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Т.А.Ә. | Қабылдау күні, уақыты | Қабылдау орны |
|---|---|---|
| Кляйн Николай Юрьевич | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 үй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31) 2-19-96 телефоны арқылы |

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Т.А.Ә. | Қабылдау күні, уақыты | Қабылдау орны |
|---|---|---|---|
| 1 | Рахметова Айзада Нұрланқызы | Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 2 | Баранов Юрий Олегович | Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 3 | Бәкіров Ермек Жәңгірұлы | Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 4 | Шәрімов Нұржанат Сабырұлы | Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін | Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті |
| 5 | Крот Олег Степанович | Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Возвышенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 |
| 6 | Хайдарова Жәния Абайқызы | Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті |
| 7 | Елубаев Сатыбек Фазылұлы | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Надежка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Чистовское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00 |
| 8 | Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы | Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін | Конюхов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Октябрьское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00; Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00 |
| 9 | Сералинов Алмас Уәлиұлы | Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Таманское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 |
| 10 | Сматов Қайнолла Тоқаұлы | Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін | Полтавка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Жастар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Советское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 |
| 11 | Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы | Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін | Бәйтерек а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Полудино а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 |

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 500

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады